

МКҚҚ «Күншуак» бөбекжайы» 2022-2023 оқу жылындағы

№1 менгеруші жаңындағы кеңестің хаттамасы.

Әткізілу мерзімі: 12.09.2022ж

Қатысқандар саны: 28.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылындағы дайындығы.
2. Бастапқы мониторинг қорытындысы.
3. Тіл мерекесіне арналған «Тілім менің тірегім» іс шарасын талқылау, «Қош келдің алтын күз» мерекесінің сценариін бекіту.
4. Ұйқы ашар жаттығуы, шынықтыру шараларының бала ағзасына пайдасы және жаттыгулар кешені.
5. Жалпы ата- аналар жиналышының жұмыс жоспарын бекіту.

Тындалды:

1. Балабакша менгерушісі бүгінгі кеңеске қатысып отырған педагогтарды түгелдіп, жаңа оқу жылының алғашқы менгеруші жаңындағы кеңес отырысының күн тәртібінде қаралатын мәселелерімен таныстырды. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылындағы дайындығы жайында балабақшадағы топ тәрбиешілерінен сұрады. Жарыс сөзге шыққан топ тәрбиешілері: М.Сейдуанова, М.Абдужалирова, Ж.Тайбекова, М.Искакова, З.Болатбаева, Мехманова С, Г. Куралова, Л.Бимурзаева, Г.Ниязалиева, И.Ирисбаева, Г.Айтбаева, Ш.Юсувалиева өз топтарының жаңа оқу жылына қарай баланың жас ерекшеліктерімен стандарт талаптарына сай жабдықталып қойғанын айтты. Барлық балаларға орындар саны жеткілікті, стандарт талаптарын сақтай келе әрбір орталықтар жасақталғанын және биылғы оқу жылынның ерекшелігі әрбір топ баланың қызығушылық сезімін оята келе «Біз оқытын ертегі кітаптар», «Менің сүйікті кітабым», «Кел, балалар, оқылық» бойынша кітаптар бұрышын жасақталғандығын айтты.

2. Екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Азимбаева бастапқы мониторинг корытындысының есебін айтты. 2022-2023 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдылары бойынша тәрбиеленушілердің бастапқы мониторинг нәтижесі; 51,60%

3. Ушінші мәселе бойынша бөбекжай педагогтары арасында тіл мерекесіне арналған «Тілім менің тірегім!» іс шарасын талқылау жайлы жарыс сөзге шыққан педагогтары саз жетекшілері: Мадалиева Л,Халикова Ф,қазақ тілі мұғалімдері: А.Азимбаева, Балтабекова Д балабақша ішілік өткізілген іс – шараның мақсаты: Мемлекеттік тілдің маңызы туралы түсінік беру. Сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, үрпақтан-үрпаққа мұра боп қалып жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі қазақ тілін үрпақтың бойына сініре білуге және туган жерін суюге, қадірлеуге, бағалап мақтан етуге тәрбиелеуболатын. Іс-шараөз

денгейінде ұйымдастырығаның айтты. «Қош келдің алтын күз» мерекесінің сценарийін бөбекжай менгеруші Р.И.Айтжанова бекітті. Ол алдағы уақытта балабақшада өтетін «Алтын күз» мерекесінің мақсаты: балалардың ойын, ән, билер арқылы күзгі мерекелік көніл-күйлерін көтеру. Табиғатты сүйіп, қорғауға, аялауға тәрбиелеу екенін айтты. Әрбір топ өз еріктеріне қарай ертеғі желісі арқылы күз мезгілінің жақсы қасиеттерін сипаттау керек ерекенін айтты.

4. Ұйқы ашар жаттығуы, шынықтыру шараларының бала ағзасына пайдасы және жаттығулар кешені жайлы топ тәрбиешілері өз ойларын ортаға салды. Балалардың дene бітімдерінің дұрыс қалыптасуына, қан айналымының жақсартуына, көздерін дем алтуға, балалардың арқалары, қолдарындағы, табандарындағы нүктелерді оятуға арналған жаттығуларды жасату. Суық тиуге және майтабанға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дene сымбатын жетілдіру, қымыл - қозгалыс дағдыларын дамыту. Балалардың көніл - күйін көтеру, мәдени - гигиеналық талаптарды орындау, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Түскі ұйқыдан кейін баланың сергек болуы тәрбиешінің ерекше назар аударуын талап етеді. Түскі ұйқыдан кейін баланы сергіту гимнастикасы оның дene бітіміне жайлышық және психологиялық жағымды әсер береді. Ұйқыдан ояну кезі келгенде ақырын, ырғакты әуен қоямыз, оянудың міндетті шарттарын сақтай отырып баланың оянуна мүмкіндік береміз – бастапқы күйде – арқасынан жатады, қолы денесінің бойымен ұзыннан созылып, дeneні еркін ұстап, тыныштықта болады. Гимнастика кешені тұракты. Ай барысында әуен ауыстырылмайды, ал жаттығулар ойын түрінде жүргізіледі. Түскі ұйқыдан әрбір бала жеке оятылады. Біздің топта ұқсастықтары бойынша ең жеңіл, қарапайым жаттығулар жүргізіледі.

Тәрбиеші балаларды көтеріңкі көніл-күймен ояту керек. Өйткені ұйқыдан оянған баланың бірінші көретіні - ол күлімдеген жылы жүзді адам. Ұйқыдан ояту шараларын баланың жас ерекшелігіне сай жүргізуге болады. Ұйқыдан кейінгі сергіту жаттығуларының турлері:

1. Төсек үсті жаттығулар мен өзін - өзі массаж
 2. Ойын түріндегі массаждар
 3. Әр түрлі массажды құралдарды пайдалану арқылы жаттығу жасау
 4. Табанға арналған кілемшелер үстімен жүру
 5. Шынықтыру - сауықтыру
 6. Музыкалы - ырғакты жаттығулар және т.б жаттығулар.
6. Келесі мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі жалпы ата- аналар жиналышының жұмыс жоспарын бекіту. Бұғаңде бөбекжайдың ата-аналармен жұмыс жүргізу кеңінен орындалуын талап етеді. Өйткені бөбекжай мен ата-ана арасында қарым-қатынас тығыз орын алу керек. Кейбір дәстүрлі түрлері өзінің маңызын жоюда: ата-аналар жиналышы, ата-аналардың ашық күні, ата-аналардың жұмыс орындарымен байланыс, баланың отбасына бару т.с.с. Балабақшаның ата-аналармен жүргізетін жұмысының ерекшелігі осы еki жақтың байланысы мен әрекет бірлігінің тұрақтылығынан көрінеді. Бұл тұрақтылықты ең алдымен топ тәрбиешісі қамтамасыз етеді.

Топ тәрбиешісінің ата-аналармен қоян-қолтық жұмыс істеуі мақсатты түрде өте ұзак мерзімді қажет ететін процесс. Ол үшін, жанұяны және оның отбасы тәрбиесіндегі ерекшеліктерімен жағдайын жан-жақты әрі жүйелі зерттеуді қажет етеді. Биылғы жылдың жалпы ата- аналармен жұмыс жоспарын таныстырып бекітті.

Жиналыш қаулы етеді:

1. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылындағы дайындық жұмыстары күштейтіліп, топ тәрбиешілеріне жүктелсін.
2. Бастапқы мониторинг қорытындысы бойынша жұмыстар жүргізуі қадағалау әдіскер А.Азимбаева жүктелсін.
3. «Қош келдің, алтын күз» мерекесінің сценариін бекітілсін.
4. Ұйқы ашар жаттығуы, шынықтыру шаралары, жаттығулар кешені күн тәртібінде күнделікті орындалуы топ тәрбиешілеріне міндеттелсін.
5. Жалпы ата- аналар жиналышының жұмыс жоспарын бекітіліп, жұмыстар жасалынын.

Бебекжай менгерушісі:

Хатшы:

Р.И.Айтжанова

А.Азимбаева



МКҚК «Күншуак» бөбекжай» 2022-2023 оқу жылындағы

№2 менгеруші жаңындағы кеңестің хаттамасы.

Откізілу мерзімі: 30.11.2022ж

Қатысқандар саны: 30

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Қош келдің алтын күз» мерекесін талқылау.
3. Желтоқсан айында өткізілетін мерекелердің жоспарын бекіту.
4. Күн тәртібінің орындалуы.
5. «Топтарда таңертенгі жаттығуларды ұйымдастырудың сапасын тексерудің нәтижесі».

Тындалды:

1. Балабақша менгерушісі Р.И.Айтжанова бүтінгі менгеруші жаңындағы кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырып, откен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы есебін сұрады. Откен кеңестің шешімі бойынша жұмыстар жүргізілгенін бөбекжай әдіскері Б.О.Арыстанбаева жұмыстар он нәтиже көрсеткендігін айтты.

2. Екінші мәселе «Қош келдің алтын күз» мерекесін талқылау жайлы өз пікірлерін ортаға салды бөбекжайдың педагог мамандары. Жарыс сөзге шыққандар тәрбиешілер «Қош келдің алтын күз» мерекесі өз деңгейінде ұйымдастырып откендерін, жоспарға бала жасын ескере отырып тәрбиешілердің әрбір ұйымдастырған әрекеттері ата-анамен баланың ойынан шыққандарын жеткізді. Мерекеге сай әрбір бұлдіршін киім киген, көкеністер, жемістер және т.б. Келген ата- аналар өз алғыстарын айтып кетті. Мерекеге сай қолдан жасалға көрме ұйымдастырылды. Мереке өз деңгейінді өткізілді деп өз ойларын айтып қорытындылады.

3. Ушінші мәселе бойынша балабақша менгеруші Р.И.Айтжанова желтоқсан айында өткізілетін мерекелердің жоспарымен таныстырыды. Алдағы уақытта желтоқсан айынды 16- желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Мениң Қазақстаным!» атты іс – шара өтетіндіктерін айтты. Мақсаты: балалардың Отаны, Реміздері, Елбасы, желтоқсан оқиғасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп тақпақ айтуға, сахналық көріністерді көрсетулер арқылы еліне, отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанын, елін сүюге тәрбиелеу.

Сонымен катар ары қарай жаңа жылда келетінің ескере келе, жана жылдық мерекелік іс -шараның да мақсатымен таныстырыды. Мақсаты: Балаларға көтерінікі көніл-күй сыйлау, мерекені сезідіре білу. Балаларға «Жаңа жыл» мерекесін дәстүрлі емес жолмен мерекені өткізу керек екенін айтты. Барлық мерекелік іс – шара балабақшаның саз бөлмесінде ұйымдастырылып, мерекеге сай зал безендірілуі қажет екенін айтты.

4. Күн тәртібінің орындалуы жайлы бөбекжай әдіскері Б.О.Арыстанбаева сұралды. Күн тәртібі оқу үлгілік бағдарламаға сай жүргізіліп жатқандығын айтты. Балабақшадағы жұмыс режимін ұйымдастыру балалардың жасына байланысты белсенді ойындарға, іс- әрекеттерге және демалыстарға жеткілікті уақытқа жететін етіп жасалған. Балабақшадағы баланың жағдайына ыңғайластырып жасалған. Балабақшадағы күндізгі режимде еркін әрекет ету уақыты дербес ойындар үшін

беріледі. Сондай-ақ, балалар таза ауада жүргенде бір-бірімен ойнайды. Егер ауа райы қолайсыз болса, онда балалар жүрудің орнына топта уақыт өткізеді. Барлық талаптар сақталған.

5. «Топтарда таңертенгі жаттығуларды ұйымдастырудың сапасын тексерудің нәтижесі» бойынша бөбекжай менгерушісі Р.И.Айтжанова қорытындылады. Қимыл-қозғалыс баланың кез-келген іс-әрекетінің негізін құрайды. Баланың белсенді қимыл-қозғалысына шектеу қою өсіп келе жатқан организмің биологиялық қажеттіліктерін қамтамасыз етуіне кері әсерін тигізеді, сенсорлық дамуына кедергі жасайды. Физикалық жаттығулар дene тәрбиесінің негізі болып табылады. Таңертенгі жаттығу денсаулықты нығайтуға, организмді жетілдіру мен шынықтыруға, жұмыс кабілетін арттыруға жақсы әсер етеді. Оның аса маңызды міндеттерінің бірі тұлға мен табанның бұзылуына жол бермеу болып табылады. Бөбекжайдағы таңертенгі жаттығудың ерекшелігі- балаларды дұрыс қимылдауға үйрету. Бұл жағдайда балаларда кеңістіктең орнын бағдарлай білуі, қимылды айқын, дәл, тәрбиеші ұсынған екпінде, ырғакта, бағытта орындауы дамып жетіледі. Таңертенгі жаттығудың ұйымдастырушылық және тәрбиелеушілік үлкен маңызы бар. tap айтқанда таңертенгі жаттығу жасау алдына ерекше міндеттер қойылады: бала организмін «ояту», оны әрекетшіл қалыпка келтіру, жан-жақтылыққа, бірақ бұлшық ет жүйесіне жайлап ықпал ететіндей, организмің жүрек, тыныс және де басқа да функцияларының қызметін белсендіру, тұлғаның дұрыс, жүрістің жақсы қалыптасуына ықпал ету. Егер балалар күн сайын таңертенгі жаттығу жасауға дағыланса және мұдделі болса ол сонысымен құнды болады. Таңертенгі жаттығу балабақшада күнде ұйымдастан түрде бастауга мүмкіндік береді. Таңертенгі жаттығулар өз деңгейінді ұйымдастырылған. Осылайша өз ойын айтып қорытындылады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. «Қош келдің алтын күз» мерекесі өзденгейінде ұйымдастырылған. Жұмыс нәтижесі жақсы деген баға берілсін.
2. Желтоқсан айында өткізілетін мерекелердің жоспары бекітіліп, жұмыстар жүргізілсін.
3. Күн тәртібінің орындалуы уақытта сай жоспарланып жүргізілу топ тәрбиешілеріне жүргізілсін.
4. Топтарда таңертенгі жаттығуларды ұйымдастыру өз жалғасын тапсын, топ тәрбиешілеріне міндеттелсін.

Балабақша менгерушісі:

Хатшы:

Р.И.Айтжанова

Б.О.Арыстанбаева



МКҚК «Күншуак» бөбекжай» 2022-2023 оқу жылындағы

№3 менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 24.02.2023 ж

Қатысқандар саны: 28 .

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. 8- Наурыз Аналар мерекесін, 22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелерінің іс-шараларының жоспарын бекіту.
3. Халық ауыз әдебиеті арқылы балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеудегі маңызы.
4. Дидактикалық ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту.

Тыңдалды:

1. Балабақша менгерушісі Р.И.Айтжанова бүгінгі менгеруші жанындағы кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырып, өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы есебін сұрады. Өткен кеңестің шешімі бойынша жұмыстар жүргізілгенің бөбекжай әдіскері Б.О.Арыстанбаева жұмыстар оң нәтиже көрсеткендігін айтты.

2. 8- Наурыз Аналар мерекесін, 22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелерінің іс-шараларының жоспарын бекіту туралы балабақша менгерушісі Р.И.Айтжанова сөз алды . Ол алдагы уақытта ұйымдастырылатын 8- Наурыз Аналар мерекесін, 22-Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелерінің іс-шараларының жоспарымен таныстырыды. Эрине бұл мереке өте ерекше мереке екенін, балалар мен ата-аналар арасында ойындар ұйымдастыру, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін ұлттық ойындар, көрмелер басқа да іс -әрекеттер ұйымдастырса болады. Бірақта әрбір мерекені өткізгенде ешқандай бала назардан тыс қалмау керектігінде ескетті. Жоспары түзіліп , бектілді.

3. «Халық ауыз әдебиеті арқылы балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеудегі маңызы» - тақырыбында бөбекжай тәрбиешісі Асанбекова Ж баяндамасы тыңдалы. «Халық ауыз әдебиеті - талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай, асыл казына, халық шежіресі. Онан халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымыздың ұлылығын танимыз, халқымыздың батырлық, ерлік тарихын көреміз. Балабақшада бұлдіршіндерді ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстырып, олардың рухани өмірін байыта түсу балабақша тәрбиешілерінің міндеті болып табылады. Бұлдіршіндердің ой - өрісін дамытуға, қиялын шарықтатып, тіл байлығын дамытуда ауыз әдебиет үлгілері - ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштардың тигізетін пайдасы ұшан - теңіз. Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан, өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы — мақал мен мәтелдер арқылы да беріледі.Бала тілін дамытуда, ой — өрісін кеңейтуде халық ауыз әдебиетін балабақшада пайдаланудың маңызы зор. Оку іс- әрекетінде ертегілерді қолдану арқылы негізгі педагогикалық дәстүр пән аралық байланысты жүзеге асыруға болады»- деп өз ойын қорытындылады.


4. Дидактикалық ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту бойынша бөбекжайда шығармашылық топ өз есебін берді. «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның танымдық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты даму жоқ және болуы мүмкін емес», - деп В. А. Сухомлинский айтқандай, ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық іспетті. Ойын арқылы баланың өзін - өзі басқару қабілеті, тәрбиелігі, жауапкершілігі, оқу қызметіне деген ынтасы, ұйымшылдығы артады. Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Бұл баланың бірнеше сұрақтар қоюына әкеліп соғады. Яғни, балаға әлем аздалғана сырын ашса, онда баланың білуғе деген құштарлығы арта туреді. Ойын – баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән – мағынасы ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады. Оларды біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан олардың зейінің үнемі қажетті бағытқа аудару үшін ойын түрінде жүргізу қажет. Өйткені ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде алған білімді ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз қалайды. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Баланың куанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, киял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарының ұштайды. Мектеп жасына дейінгі балалар көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатын байқауга болады. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Сондықтан да ойшыл ұлы адамдар балаларды ойын арқылы оқыту керек деген ойға келді. Ойын арқылы оқыту, бұл ой көптеген оқытушылар мен тәрбиешілерді қызықтырады» - деп өз ойларын қорытындылады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. 8- Наурыз Аналар мерекесін, 22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелерінің іс-шараларының жоспарын бекітілсін.
2. Халық ауыз әдебиеті арқылы балаларды рухани адамгершілікке тәрбиеленсін.
3. Дидактикалық ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту бойынша шығармашылық топтың есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

Бөбекжай менгерушісі:

Хатшы:



Р.И.Айтжанова

Б.О.Арыстанбаева

МКҚҚ «Күншуақ» бөбекжай» 2022-2023 оқу жылындағы

№4 менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 20.04.2023 ж

Катысқандар саны: .

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. 1-мамыр, 9- мамыр , «Қош бол , балабақша» мерекелерінің іс – шарасының жоспарын бекіту.
3. Жазғы дene шынықтыру, балаларды қорғау күні мерекелерін бекіту, Астана күніне балалар фестивалін ұйымдастыру.
4. Дене тәрбиесі шынықтырудың маңызы және өту сапасы.
5. Коммуникативтік дағдылар бойынша сауат ашудың дайындық деңгейі.

Тындалды:

1.Бөбекжай менгерушісі Р.И.Айтжанова бүгінгі менгеруші жанындағы кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырып, өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы есебін сұрады. Өткен кеңестің шешімі бойынша жұмыстар жүргізілгенің бөбекжай әдіскері Б.О.Арыстанбаева жұмыстар оң нәтиже көрсеткендігін айтты.

2. 1-мамыр, 9- мамыр , «Қош бол , балабақша» мерекелерінің іс – шарасының жоспарын бөбекжай менгерушісі Р.И.Айтжанова бекітті. Ол мерекені ұйымдастыру кезінде барлық талаптарға сай топтардың жас ерекшеліктерін ескере келе жоспар жжасалуын, балалардың мерекеге сай киінуі, залдың безендірілуі барлығы назардан тыс қалмау керектігін ескертті. «Балабақша, қош сау бол!» мерекелік іс – шарасы «Самұрық», «Бұлбұл», «Аққу» мектеп алды даярлық топтарының тәрбиешілеріне және саз жетекшілеріне ұйымдастыруын, өткізуін жүктеді.

3. Жазғы дene шынықтыру, балаларды қорғау күні мерекелерін бөбекжай менгерушісі Р.И.Айтжанова бекітті. Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау. Дәл осы маусымда балалар құрбыларымен араласуда көнілі көтеріліп, үлкен куаныш пен әсерге бөленіп, өзіне қажетті жаңалықтарды ашады.

4. Топ тәрбиешілері балалардың шынықтыру шараларына жүйелі түрде жұмыстар жүргізіп отырулары керек. Ұзу немесе тоқтату салдарынан организмді шынықтыру барысында қалыптасқан бейімделу реакциялары жойылады. Сондықтан да, шынықтырудың жүйелілігі, яғни шынықтыру әрекеттері күнделікті кез келген мезгілде жүргізуі тиіс. Денсаулық табиғаттың берген құнды байлығы, оны бастапқы күйде сақтау ол адамның жеке салауатты өмір сүруіне байланысты екенін есте сақтай отырып жүргіземін. Баланың дene құрылсын шынықтырушы іс- шаралар балаға ұнап , жақсы эмоция тудыруы мүмкін. ылдың барлық мезгілдерінде балалардың денсаулығына рационалды тамақтануына ерекше көніл бөлінуде. Байқап

отырғанымыздай, бүгінгі таңда педагогтар мен тәрбиешілерде тәрбиенің тәсілдері мен әдістері, сондай-ақ бүкіл тәрбие бағдарламаларын сарапалауын, оған белгілі бір жаңалықтар енгізуіндің мүмкіндіктері мол.

5. Коммуникативтік дағдылар бойынша сауат ашудың дайындық деңгейі бойынша «Самұрық» мектеп алды тобының тәрбиешісі Е.Бердикулова, «Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сойлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс – әрекеттері арқылы жүзеге асырып отырамыз. Саут ашудың алғы шарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау арқылы балалар берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындаиды»- деп ойын қорытындылады.

Жиналыс қаулы етеді:

- 1-мамыр, 9- мамыр , «Балабақша, қош сау бол!» мерекелерінің іс – шарасының жоспарын бекітілсін.
2. Жазғы дene шынықтыру, балаларды қорғau күні мерекелер бекітілсін.
3. Дене тәрбиесі шынықтыруды ұйымдастыру жұмыстары барлық тәрбиешілерге жүктелсін.
4. Коммуникативтік дағдылар бойынша сауат ашу негіздері бойынша топ тәрбиешілері жұмыстар жасау міндеттелсін.

Бөбекжай менгерушісі:

Хатшы:



Р.И.Айтжанова

Б.О.Арыстанбаева

МКҚК «Күншуақ» бөбекжай» 2022-2023 оқу жылындағы

№5 менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 30.05.2023 ж

Катыскандар саны: .30

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Отken кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Қорытынды мониторинг.
3. Мамыр мерекелерінің, ертеңгіліктерінің сапасын талқылау, бекіту.
4. Жазғы сауықтыру жұмыстарына дайындық.

Тыңдалды:

1..Бөбекжай менгерушісі Р.И.Айтжанова бүгінгі меңгеруші жанындағы кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырып, отken кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы есебін сұрады. Отken кеңестің шешімі бойынша жұмыстар жүргізілгенін бөбекжай әдіскері Б.О.Арыстанбаева жұмыстар оң нәтиже көрсеткендігін айтты.

2.Қорытынды мониторинг Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкес баланың даму деңгейі жазылады.

Жеке картаны жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дene шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музика жетекшісімен) бірлесіп топ тәрбиешісі және мектептің (лицей, гимназия) мектепалды сыныптың тәрбиешісі дербес толтырады. Қорытынды жиынтық есеп:

Кіші топ - 43,2%, ортаңғы топ - 59,2%, ересек топ - 58%, МАД - 60,2% - Үлгілік оқу % -- 78,79%

3. 1-мамыр, 9- мамыр , «Қош бол , балабақша» мерекелерінің іс – шаралары ұйымшылдықпен отkenі айтылды. Тәрбиеленушілер мерекеге қызығушылықпен, бар ынталарымен қатысты. «Қош бол , балабақша» мерекесі өз дәрежесінде ұйымдастырылды. «Самұрық», «Бұлбұл», «Аққу» мектеп алды даярлық топтарының бұлдіршіндері бөбекжаймен қимастық сезіммен қоштасты. Ата – аналар бөбекжай басшысымен қызметкерлеріне ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтты.

4.Жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстың мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: жеке ерекшеліктерін ескере отырып психологиялық және дene денсаулығын, демалыс кезеңдегі өсіп келе жатқан ағзаның қанағаттануы, шығармашылық іс – әрекеті және қымыл – қозғалысын сақтау және нығайуы.

Міндеттері:

1. Балалардың денсаулығын нығайтуға және өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне жағдай жасау, сырқаттану мен жарақаттың алдын алу.

2. Жазғы уақыттың қолайлы факторларын (күн, ая, су) пайдалана отырып балалардың шынығуы үшін жағдай жасау, әр баланың қимыл – қозғалысын белсендете отырып, оптимизм жолы арқылы дene шынығуын жүзеге асыру.
3. Әр түрлі білім салаларындағы дербестігін, белсенділігін, білуғе құмарлық пен танымдық белсенділікті дамытуға бағытталған іс – шаралар жүйесін жүзеге асыру.
4. Балаларға қол жетімді біліммен табиғат және табиғат құбылыстарын кеңейту және нақтылауын ұсыну, объектілері, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру.
5. Ойын және тұрмыстық қызмет процесінде серуендеу ұйымдастырылған білім беру қызметі кезіндегі түзету-дамытушылық жұмыстарын жүзеге асыру.
6. Жазғы сауықтыру кезіндегі балаларды тәрбиелеу сұрақтары бойынша ата – аналарды педагогикалық және санитарлық ағарту мәселелерін жүзеге асыру жүргізуі.

Осы мақсат міндеттерді негізге ала отырып әдіскер Б.О.Арыстанбаева жазғы сауықтыру жоспары түзіліп, жұмыстары жүргізілу қажет екенін айтты.

Жиналыш қаулы етеді:

1. Жазғы сауықтыру жоспары түзіліп, ұйымдастыру жұмыстары Б.О.Арыстанбаевага жүктелсін.

Бөбекжай менгерушісі:

Хатшы: 

Р.И.Айтжанова

Б.О.Арыстанбаева

